

## Темір ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 маусымдағы № 22 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 шілдеде № 4997 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 маусымдағы № 490 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 12.06.2020 № 490 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Заңының 10 бабына сәйкес Темір аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Темір ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Темір аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 223 " Темір ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4186 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 ақпанда "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
А. ЕСМАҒАМБЕТОВ*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Б.ІЗБАСОВ*

Темір аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 8 маусымдағы  
№ 22 шешіміне қосымша

**Темір ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Жиналыстар, митингілер және пикеттер өткізілетін орын:

Шұбарқұдық кенті, Қызылжар мөлтек ауданында орналасқан футбол алаңы алдындағы аумағы.

3. Шерулер мен демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді:

Шұбарқұдық кенті, Байғанин көшесінен бастап, Кереев көшесіне дейінгі Гагарин көшесі бойымен.

4. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

5. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Темір ауданы әкімдігінің келісімінсіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа ережелерін бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

8) алкологольдік немесе есірткімен масаю жағдайында қатысуға жол берілмейді.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін, прекурсорларды пайдалануға, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қоғамға қарсы мінез-құлыққа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын

транспаранттар, ұрандар, басқа да материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/ видео), сондай-ақ, көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

7. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізіледі.

8. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізу объектісінің жанында тұруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) пикеттің тақырыбы бойынша сөздер, қысқа ұрандар айтуға жол беріледі.

9. Пикетті өзге түрде (митинг, жиналыс, шеру) жалғастыру үшін Темір ауданы әкімдігінің белгіленген тәртіптегі рұқсатын алу қажет.

10. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде көзделген тәртіп бұзылса, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Темір ауданы әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылады.

11. Темір ауданы әкімдігі өкілінің заңды талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдарымен жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.